

«Бекітілді»:

№23 «Ынтымак» бөбекжай  
бақшасының меңгерушісі:

Урынтаева Р.Ж.

28.08.2020ж. №1 пед кеңестің  
шешімімен.



**2020-2021 оқу жылына арналған ПДК ортаңғы  
«Ақ қоян» тобында жүргізілетін логопед, психолог,  
дефектологтың жылдық жұмыс жоспары**

Психолог: Тлепбергенова А.С

Логопед: Шетірова Ә.Б

Дефектолог: Карипова А.И

**2020-2021 оқу жылы**

**Мақсаты:**

Жағымды әлеуметтік психологиялық климатты қалыптастыра отырып, білім беру саласында балалардың психологиялық дамуына көмектесу.

Білім беру бағдарламасын меңгеру барысында тілінде бұзылыстары бар балаларға дыбыстар қою, машықтандыру, ажырата білуін қалыптастыру, түзету үшін көмек көрсету.

Психологиялық дамуы кешеуілдеген балаларға түзете –дамыту сабақтарын тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастыру, ата-аналарға және тәрбиешілерге кеңес беру.

**Міндеттері:**

1. Психологиялық саулықтарын нығайту, жасы мен жеке дамуын ескере отыра, әр балаға ыңғайлы жағдай жасау;
2. Білім беру саласында әр балаға дер кезінде психологиялық көмек пен алдын-алу жұмыстарын жүргізу.
3. Педагог кадрлар мен ата-аналар қауымының психологиялық саулық туралы түсінігін кеңейту.
- 4.Тіл бұзылысы бар балаларға логопедтік көмек көрсету, дыбыс қою, сөздік қорларын дамуын, түзету.
- 5.Тәрбиешілер мен ата-аналар бірлесе бала бойындағы қиындықты шешу жолдарын анықтау, түзету-дамыту жұмысының бірлік жүйесін жетілдіру.

№	Іс- шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	ПДК «Ақ қоян» тобына жаңадан келген балалардың бейімделуін, көңіл-күйлерін бақылау.	қыркүйек	Психолог Тәрбиешілер
2	Балалардың ауызша сөйлеу тілін зерттеу, логопедтік кабинетке тіркеу.	қыркүйек	Логопед
3	Балаға диагностикалық мәліметтер медициналық, психологиялық, логопедиялық, әлеуметтік, педагогикалық көрсеткіштерді жинақтау	қыркүйек	Психолог Тәрбиеші Логопед Дефектолог
4	Әр балаға диагнозына байланысты жеке сөйлеу картасын толтыру, бақылау жүргізу, түзету жұмыстарының бағыттарын әдіс-тәсілдерін анықтау.	қыркүйек	Логопед
5	Диагноз бойынша балаларға логопедтік сабақ кестесін құру.	қыркүйек	Логопед
6	Психологиялық- медициналық- педагогикалық- консилиум	қазан	Логопед Дефектолог Психолог Медбике
7	Балалардың психологиялық дамуы деңгейін анықтайтын бастапқы диагностиканы жүргізу	қазан	Психолог
8	ПДК балаларға мінездеме (тәрбиеші және баламен жұмыс істейтін әрбір маман өз құзыреттілігі тұрғысынан толтырады)	қазан	Психолог Тәрбиеші Логопед Дефектолог
9	Балалармен жеке және топтық түзету-дамыту сабақтарын жүргізу. Балалардың сөйлеу тілін дамыту, ауызша сөйлеуінде бұзылыстары бар балалармен логопедиялық түзету сабақтарын жүргізу.	үнемі	Логопед Дефектолог Психолог
10	Ата-анаға сауалнама, әңгіме жүргізу	қазан	Психолог Тәрбиеші
11	Логопедия, психология және т.б бойынша әдебиет жаңалықтарымен тұрақты танысып отыру.	үнемі	Психолог Логопед
12	Заттардың қасиеттері (түс, көлем, пішін) кеңістікте заттардың орналасуы туралы балалардың жалпы түсініктерін қалыптастыру.	қазан	Дефектолог
13	Таным деңгейлерін дамыту мақсатында балалармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.	қазан	Психолог
14	Қала логопед, психолог, дефектологтарымен өзара тәжірбие алмасу.	үнемі	Логопед Дефектолог Психолог
15	Ата-ананың баламен, ата-ананың тәрбиешімен қатынасын бақылау.	қараша	Психолог
16	Ата- анаға сұраныс бойынша кеңес беру	үнемі	Логопед Дефектолог Психолог
17	Психодиагностикалық бағыт. Топ балаларының серуен кезінде бір-бірімен араласуын бақылау.	қараша	Психолог
18	«Бала тілі неге кеш шығады?» ата-аналарға кеңес	қараша	Логопед
19	ПДК баламен жұмыс бойынша қалалық семинарларға қатысу. Өз білімдерін жетілдіру.	жыл бойы	Психолог Тәрбиеші Логопед Дефектолог
20	Тіл кемшіліктерін жою үшін әр баланың жеке даму ерекшеліктерін анықтау, жеке дара жұмыстар жүргізу.	қараша	Логопед Дефектолог

21	Үй жағдайында ата-аналарға балалармен жұмыс жүргізу жөнінде ұсыныстар беру.	желтоқсан	Логопед Дефектолог Психолог
22	Логопедиялық сабақтарға қатысатын балалардың жеке дамыту индикаторларының негізінде жарты жылдық мониторинг қорытындысын жасау.	желтоқсан	Логопед
23	Психоағарту бағыты. «Нейрожаттығулардың маңызы» тәрбиешілерге кеңес	желтоқсан	Психолог
24	Тәрбиешілерге балалармен жеке жұмыс жөнінде ұсыныстар беру.	желтоқсан	Логопед Дефектолог
25	Балабақша медбикесімен бірлесіп жұмыс жасау.	үнемі	Логопед Дефектолог Психолог
26	Психологиялық- медициналық- педагогикалық- консилиум	қаңтар	Логопед Дефектолог Психолог Медбике
27	Балалардың қызығушылығын дамытатын тілдік ойындар, көрнекілік құралдар дайындау.	қаңтар үнемі	Логопед Дефектолог
28	«Балалар сөйлеуін түзету процесіндегі ата-аналардың рөлі» ата-аналарға кеңес	қаңтар	Логопед
29	Балалармен ұсақ қол моторикасына ойын-жаттығулар жүргізу.	қаңтар	Психолог Дефектолог
30	Психологиялық түзету жұмыстарын ойын-жаттығулар арқылы жүргізу.	қаңтар	Психолог
31	Балалардың жеке мінез-құлық ерекшеліктерін бақылау.	үнемі	Психолог
32	Топ балаларымен саусақ, қимыл жаттығуларын жүргізу.	қаңтар	Психолог Дефектолог
33	Су және құм терапияларын жеке және топтық жұмыста қолдану.	ақпан	Психолог
34	Баланың ойлау қабілетін анықтау. «Үйшігін табу», «Көлеңкесін тап» әдісін қолдану.	ақпан	Психолог Дефектолог
35	«Ұсақ моториканың маңызы» ата-аналарға кеңес	ақпан	Психолог
36	Оқу қызметінде балалардың қатысуын бақылау, тексеру.	үнемі	Дефектолог Логопед
37	Табиғаттағы құбылыстар туралы түсініктері мен білімдерін жинақтау	ақпан	Дефектолог
38	Тәрбиешілерге кеңес: «Артикуляциялық гимнастика дегеніміз не және не үшін керек?»	наурыз	Логопед
39	Балалардың (көру, есту, тактильді-қозғалыс, кеңістікті) қабылдауын, көрнекті-әрекетті және көрнекі-бейнелі ойлауды, түсінікті ойлаудың элементтері, ойлау операцияларын түзету және дамыту.	наурыз үнемі	Дефектолог
40	Ұсақ қол моторикасын дамытуда М.Монтессори элементтерін түзету жұмысында қолдану	наурыз	Психолог
41	«Көңілді балалар» тренингі. Ойын арқылы балалардың ой өрісін, эмоциялық сезімдерін дамыту.	наурыз	Психолог
42	«Құм қызығы». Құм терапиясы арқылы балалардың бойынан агрессиясын шығара отырып, көңіл күйін көтеру.	наурыз	Психолог
43	«Сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрастыру» әдісін өткізу. Балалардың қиялын, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту.	Сәуір	Психолог Дефектолог
44	«Бір сөзбен ата», «Қисынсыздықтар» жаттығуы. Баланың ойлау қабілетін анықтау.	Сәуір	Психолог Дефектолог

45	Топтағы балалардың өз-өзіне қызмет етуін, оқу қызметіне қатынасуын бақылау.	Сәуір	Психолог
46	Ата-аналармен кездесу, әңгімелесу. Кеңес беру.	Сәуір	Логопед Дефектолог Психолог
47	Тіл кемшіліктерін жою үшін әр баламен жеке дара жұмыстар жүргізу.	Сәуір	Логопед
48	Логопедиялық сабақтарға қатысатын балалардың жеке дамыту индикаторларының негізінде жылдық мониторинг қорытындысын жасау.	Мамыр	Логопед
49	Балалардың психологиялық дамуы деңгейін анықтайтын қорытынды диагностиканы жүргізу	Мамыр	Психолог
50	ПМПК үшін балаларға мінездемелер мен ұсынымдар құрастыру.	Мамыр	Логопед Дефектолог
51	Әр балалардың дамуына түзетушілік әсер ету үдерісіне талдау және оның тиімділігін бағалау.	Мамыр	Логопед Дефектолог
52	Психологиялық- медициналық- педагогикалық- консилиум	Мамыр	Логопед Дефектолог Психолог Медбике